

«Көп бейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК

жалпы жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 1

Қызылорда қаласы

26 мамыр 2023 ж.

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

**Күн тәртібінде**

**Сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселесі туралы**

Күн тәртібінденгі мәселеге сәйкес Аурухана Бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасары Қ.Алипов хабарлама жасап, Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқарудың тиімділігін, кейбір мемлекеттік жұмыста жүрген жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарының және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен жұмыскерлердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кейбір мемлекеттік қызметкерлермен жұмыскерлердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Ол үшін барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмауға және бас дәрігер бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы Ережесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатының, іскерлік әдеп үлгілік Кодексінің қағидалары мен талаптарын сақтауға міндетті екенін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауы тиіс.

Жиналысқа қатысқан аурухана қызметкерлері: толығымен қуаттап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әр азаматтың міндеті екені туралы пікірлерін білдірді.

Жиналыс соңында Аурухана Бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасары Қ.Алипов аурухана қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы Ережесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаттың, іскерлік әдеп үлгілік Кодексінің қағидалары мен талаптарын сақтауға, еңбек ұжымы арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмауға, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында қатаң бақылауға алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті екені, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтар пен қылмыстар орын алған жағдайда тікелей жауаптылыққа тартылатындығы ескертілді.

Жиналыс төрағасы:

Қ.Алипов

Хатшы :

Қ.Алибеков